



Автор: Нұрмұқан Сандуғаш Мақсатқызы
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 4-сынып
Бөлім: Табиғи құбылыстар
Тақырып: Көктемгі өзгерістер

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.4.2.1. оқыған/аудио/бейне материалдың мазмұнын дайын жоспар негізінде жазу 4.4.5.1. мұғалімнің қолдауымен айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді жазу
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар орындай алады: мұғалімнің қолдауымен айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді жазады Оқушылардың көпшілігі орындай алады: мұғалімнің қолдауымен айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді жазады, оқыған/аудио/бейне материалдың мазмұнын дайын жоспарын құрады Кейбір оқушылар орындай алады: оқыған/аудио/бейне материалдың мазмұнын дайын жоспар негізінде жазады
Тілдік мақсаттар:	Пәндік лексика мен терминология: Былтыр, тағы, табиғат оянады, жылғалардан су ағады
Күтілетін нәтиже:	Айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді жазып, оқыған/аудио/бейне материалдың мазмұнын дайын жоспарын құрады
Бағалау критерийлері:	
Құндылықтарды дарыту:	• Өзіне және айналадағы адамдарға құрмет; • Ынтымақтастық; • Жауапкершілік
АКТ-ны қолдану дағдылары:	
Пәнаралық байланыс:	Музыка, АКТ, Жаратылыстану
Бастапқы білім:	Халықтық болжам

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен амандасу. «Шаттық шеңбері» тренингі арқылы сабақ барысы мен сыныпқа сәттілік тілеу. Шарты: ешкім ешкімді қайталамау керек.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>Жаңа сабаққа кіріспе ретінде оқушыларға көктем мезгіліне байланысты суреттер көрсетіледі. Мұғалім «миға шабуыл» ретінде оқушыларға сұрақ қояды: «Бұл қай мезгіл? Табиғаттағы қандай өзгерістерді байқадыңдар?» Оқушылар сұрақтарға жауап береді. Мұғалім оқушыларға тақырыпты болжатады. Мұғалім сабақтың тақырыбын және мақсатын айтады. Сондай-ақ оқулықтағы «Ойланайық» айдарындағы тапсырмада берілген сөйлемдерді оқушылар оқып шығады. Берілген сөйлемдердің көктем мезгіліне қатысты екендігін айтады. Мұғалім оқушыларды мұқият тыңдайды. Мадақтау сөздерімен бағалайды. «Жаңа сөз үйренейік» айдарында мұғалім оқушыларға суреттер арқылы жаңа сөздерді меңгертеді. Сөз тіркестері мен сөйлемдер құрайды. «Сөйлесейік» айдарында оқушыларға жұпта талқылау үшін сұрақтар беріледі. Оқушылар жұптасып сұрақтарға жауап береді, талқылайды. Тапсырма ауызша орындалады. Тапсырма оқушылардың айтылым дағдысын дамытуға негізделген. 1. Саған көктем мезгілі несімен ұнайды? 2. Көктем кезінде табиғат қалай өзгереді? 3. Көктем мезгілінде қараңғы ерте түсе ме? 4. Табиғаттың оянғанын қайдан білеміз? 5. Көктемде қар неліктен тез ериді? 6. Ең алғаш шығатын гүлді қалай атаймыз? Мұғалім оқушылардың сөйлесімін тыңдайды. Кері байланыс орнатады. Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылар сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтай отырып жай және құрмалас сөйлем құрастыру мақсатын жүзеге асырады. «Тыңдайық» айдарында оқушылар Бота Бисенованың «Көктем келді» әнін 2 рет тыңдайды. Әнді тыңдамас бұрын мұғалім оқушыларға мұқият тыңдау керектігі туралы кеңес береді. Оқушылар әнді тыңдап болған соң, өлеңнің сөзі бойынша түсіп қалған сөздерді толықтырады, оқиды. Тапсырма оқушылардың тыңдалым дағдысын дамытуға бағытталған. Тапсырматопта орындалады. Әр оқушыға әннің сөздері таратылады. Оқушылармұғаліммен бірге әнді орындайды. Бұл тапсырма оқушыларды сергітіп,көңіл күйлерін көтеруге ықпал етеді. Тыңдалым мәтіні: Әнді тыңда,толықтыр. (Дайын әнді салу. Соны тыңдап бос орындарды толтырады)Көктем келді Көктем келді, көктем келді сағына, Бүршік аттыалмаағаштар бағымда. Біздің үйге ұя салды, алақай! Былтыр кеткенқарлығаштар тағы да. Дала гүлге оранады, Түрлі түске боянады. Нұрлыкөктем келген кезде Табиғат та оянады. Көктем келді, көктем келдідалама, Қуанып жүр ата-ана да, бала да. Қар-мүз еріп, жылғалардан суағып, Үйрек-қаздар жайылып жүр жағада. «Жаттығайық» айдарындаоқушылар септік жалғауларын қайталау мақсатында сөздерге септікжалғауларын дұрыс жалғап жазулары керек.</p>	
Сабақтың соңы	<p>Әр топқа бірнеше сөйлемдер беріледі. Оқушылар тапсырманы орындап болған соң, ортаға шығып сөйлемдерін оқиды. Мұғалім оқушыларға кері байланыс орнатады. 1.Дала гүл... оранады. 2.Көктем... күн ұзарады. 3.Қаз бен үйректер өзен жағасы... жайылады. 4.Қардың асты... алғашқы бәйшешектер өсіп шығады. 5.Көктемде жылы жақ... құстар ұшып келеді. 6.Бұл кезде күн... нұры жерге көп түседі. 7.Ағаштар... бүршіктерінен жапырақ өсіп шығады. 8.Қыстағы қар еріп, жылғалар... су ағады. 9.Бақ... көшеттер отырғызамыз. 10. Көктемде қарлығаш... күтеміз. 11. Алмаағаш... гүлдері ақ болады. 12. Біз көктем... сағынамыз. 13. Аспан... үнемі ақ бұлттар жүзеді. 14. Дала... жасыл кілем төселеді. Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылар көптік/тәуелдік/септік/жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану мақсатын жүзеге асырады.</p>	
Рефлексия	<p>Рефлексия. «Сабақтан алған әсерім» стратегиясы. Сабақты меңгерсе, алмаағаштың алма-стикеріне, жақсы әсер алса, бәйтеректің жапырақ-стикеріне, ал жағымсыз эмоцияда болса, кактустің төртбұрыш-стикеріне жазып, кері байланыс орнатады.</p>	